

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
У К А З

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында және республикалық
баспасөзде жариялануға тиіс

**Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының
3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы
2019 жылдың 9 маусымына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен
тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік
сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық
қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларының
әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды
және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік
сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру
мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті



Қ.Тоқаев

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 9 сәуір

№ 18

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
УКАЗ

Подлежит опубликованию в Собрании актов
Президента и Правительства Республики
Казахстан и республиканской печати

О назначении внеочередных выборов Президента Республики Казахстан

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 41 Конституции Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Назначить внеочередные выборы Президента Республики Казахстан на 9 июня 2019 года.

2. Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан обеспечить организацию и проведение внеочередных президентских выборов.

3. Правительству Республики Казахстан принять необходимые меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению внеочередных президентских выборов.

4. Акимам областей, городов Нур-Султана, Алматы и Шымкента обеспечить своевременное составление и достоверность списков граждан, обладающих избирательным правом, оказывать всемерное содействие Центральной, территориальным и участковым избирательным комиссиям в решении вопросов организации и проведения внеочередных президентских выборов.

5. Настоящий Указ вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Президент
Республики Казахстан**

К.Токаев

Нур-Султан, Акорда, 9 апреля 2019 года

№ 18

